

**ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ «АРАҚАРАҒАЙ» ОРМАНШАРУАШЫЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІНДЕ ЖАБАЙЫ ДӘРІЛІК ЖӘНЕ АЗЫҚ-ТҮЛІКТІК ӨСІМДІКТЕРДІҢ
ӨНІМДІЛІК ҚОРЫН АНЫҚТАУ**

Аңдатпа

Республикамыздың орманды жерлерінің көлемі жалпы жерінен 4,6%-ын құрайды. Соңғы жылдардағы орман өрттері мен рұқсатсыз кесу жұмыстары нәтижесінде еліміздің орман қоры азайып кетті. Сол себепті, орманның сүрексіз ресурстарының қорларын мүмкіндігінше тиімді пайдалану өндірістік дамыту және оның рентабельдік деңгейін көтеруді ұйымдастыруды талап етеді.

Кілт сөздер: Республикамыздың орманды жерлерінің көлемі. Орманның сүрексіз ресурстарының қорларын мүмкіндігінше тиімді пайдалану өндірістік дамыту және оның рентабельдік деңгейі.

Кіріспе

Республикамыздың үкіметі санитарлық кесу жұмыстарынан басқа кесу түрлеріне мораторий жариялаған бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Орманның барлық пайдалық игілік кешенді пайдаланудың әлемдік тәжірибесі, сүрексіз өнімдер орманның негізгі байлығын құрайтындығын көрсетеді. Американың кейбір штаттарында «орман» кірісінің 20%-ын сүректің сатудан, ал қалған 80%-ын дәрілік өсімдіктер, жеміс - жидектер және саңырауқұлақтар өндірісінен түсіреді.

Қостанай облысының ормандарында жабайы өсетін жеміс – жидектерден: бөріқарақат, орман бүлдіргені, итмұрын, таңқурай жинап, өңдеу істерін жолға қоюға болады. Таза және аққайыңды аралас құрғақ қарағайлы ормандардағы жидектің проекциялық жамылғы 20-25% болса бүлдіргеннің өнімділігі 1 гектарға шаққанда 70-80 кг жетеді.

Жаппай кесілген алаңдардағы орман бүлдіргенінің өнімділігі орташа есеппен екі есе артады. Ашық алаңқайларда бүлдіргеннің әртүрлі өсімдіктермен қауымдастығы байқалады. Бүлдірген бұл қауымдастықтарда доминантты немесе субдоминантты болып келеді. Әсіресе көк бүлдірген жоғары өнімділігімен ерекшеленеді[1].

Дәрілік өсімдіктер мен жабайы өсетін жидектер қоры түрлер бойынша (кг/га) сәйкес келеді: таңқурай (176,1±41,2), итмұрын (211,2±32,3); (106,2±41,4), мия (590,2±96,1) мың жапырақ (291,2±58,1) дала шиесі (210,3±78,4).

Орманның әртүрлі жағдайлы жерлерінде өсетін бұр түрге жататын өсімдіктердің көрсеткіштері 1-кестеде берілген. Көптеген авторлардың (1) зерттеулері нәтижесі бойынша жабайы өсетін жидектердің өнімділігі проекциялық жамылғы мөлшеріне (%) тәуелді күрт өзгеріп отырады. Сонымен қатар, өнімділік тікелей проекциялық жамылғы мөлшеріне (%) тәуелді екендігін ескерген жөн. Жобалаған жамылғы мөлшері ұлғайған сайын өнімділік занды түрде артып отырады.

Кесте 1 - Дәрілік өсімдіктер мен жабайы өсетін жидектердің өнімділігі

№	Өсімдіктердің аталуы	Орташа өнімділігі	Вариациялық коэффициенті, CV	Жамылғы, %	Өнімділік есебі
1	Итмұрын	211,2±32,3	22,01	53,0	94,2
2	Мия	590,2±96,1	20,09	40,0	286,0

3	Таңқурай	176,1±41,2	51,6	44,3	98,1
4	Мыңжапырақ	291,2±58,1	38,2	58,2	188,1
5	Итмұрын	106,2±41,4	25,3	56,0	64,5
6	Дала шиесі	210,3±78,4	27,6	61,0	124,4

Зерттеулер нәтижесінде дәрілік өсімдіктер мен жидектердің шикізаттық ресурстарының өнімділігі орман типтеріне, толымдылығына, жоғары ярустың бірігуіне, зерттелетін объектінің проекциялық жамылғысына тәуелділігі анықталған.

Проекциялық жамылғының 11-ден 100%-ға дейін өзгергенде өнімділік заңды түрде артады. Сүректің түрлерінің таксациялық көрсеткіштерінің өсу жағдайына байланысты екендігін орманшылық ғылымынан білеміз. Осы жағдайларға байланысты бір түрдің таксациялық көрсеткіштері басқа жағдайларда мүлде өзгеше болады. Сол сияқты дәрілік өсімдіктер мен жабайы жидектер көрсеткіштері әр аймақтарда әртүрлі вариациялық көрсеткіш көрсетеді. Ғалымдардың зерттеулері [1] негізінде әртүрлі зоналар үшін арнайы кестелер құру керек деп қорытындылауға болады. Қандайда болса, бұл реттегі зерттеулердің болашағы зор, себебі ресурстарды зерттеу жұмыстарын жүргізу барысы біздің білімімізді толықтырады және біршама жеңілдетеді.

Дәрілік өсімдіктер мен жидектердің кейбір түрлерін дайындау кезінде жұмысты үздіксіз және зиян келтірмей жүргізу қажет. Сол себепті, өсімдіктердің биологиялық қорын анықтау мен қатар эксплуатациялық қорын есепке алу керек. Биологиялық қор дегеніміз - популяцияны қалпына келтіруді, есепке алуды қажет етпейтін шикізат мөлшері, ал эксплуатациялық бұл сол учаскедегі особьтардың белгілі бір мөлшерін сақтай отырып дайындалатын шикізат мөлшері. Дәрілік өсімдіктер мен жидектерді жинау кезінде өсімдіктер қайта толық қалпына келу үшін олардың 30%-ы қалдырылуы керек және сол жылдың өнімділікке қолайлы, қолайсыздығы ескерілуі тиіс[3].

Қостанай облысының жалпы орман фондының 600 га жерінде таңқурай өседі, ол жалпы ауданның 3,2% - ы құрайды. Бұл ауданда негізінен жас балғын (С – 3) және құрғақ (С – 2) қарағайлар, жас балғын (БКД – 1) аққайыңдар және жас балғын көктеректер (ОсКЛ – 1) өседі. Көрсетілген өсу жағдай типтерінде негізінен дәрілік өсімдіктер мен жидектер шоғырланған. Эксплуатациялық қорды есептеу барысында өнім жиналатын жерлердің дәрілік өсімдіктер мен жидектерді жинауға қолайлы немесе қолайсыздығын ескеріп, жалпы өнім жиналатын ауданның 50% - ын есепке алдық. Біздің кейбір көрсеткіштеріміз артық немесе кем болуы мүмкін. Бірақ біз өсімдіктердің өнімділігінің мөлшерінің өзгеруі өсу жағдайына заңдылықпен тәуелді екендігін шетелдік авторлардың зерттеулер нәтижесіне сүйене отырып негіздедік.

Жылдық және маусымдық тұрақсыздыққа байланысты өсімдіктердің шикізат қорын және өсу ауданын нақты анықтау қиындық тудырады. Сонымен қатар облыстар мен аймақтар туралы жалпы көрсеткіштері, қажетті материалдар әдебиеттерде өте сирек кездеседі немесе мүлдем берілмеген.

Әдебиеттер

1. Корнилова С.В. «Материал к изучению лекарственных растений Казахстана». 2 уч.изд. КазГУ, 1940, том 5, стр 47.
2. Рубцов Н.И. «Дикорастущие лекарственные, пищевые и технические растения Западного Казахстана».- Алматы, 1934.
3. Доброхотова и др. «Қазақстанның дәрілік өсімдіктері». -Алматы, 1963 (Т.Кенжалина аударған).

Байтасов М.О.

ОПРЕДЕЛЕНИЕ УРОЖАЙНОСТИ ДИКОРАСТУЩИХ ЛЕКАРСТВЕННЫХ И ПИЩЕВЫХ РАСТЕНИЙ В АРАКАРАГАЙСКОМ ГУ ЛЕСНОГО ХОЗЯЙСТВА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

В данной статье в процессе исследований установлено, что урожайность сырьевых ресурсов ягодных и лекарственных растений в основном зависит от типа леса, полноты, сомкнутости верхнего яруса изучаемого объекта.

Ключевые слова: Сырьевые ресурсы ягодных и лекарственных растений. Типы леса, полнота, сомкнутость верхнего яруса.

Baitassov M.O.

DETERMINATION OF THE PRODUCTIVITY OF MEDICAL AND FOOD PLANTS IN ARAKARAGAY STATE ESTABLISHMENTS OF FORESTRY OF KOSTANAY AREA

In this article is written that during the research it was determined that the process of the crop capacity of berry and medicinal plants basically depends on the type of forest, crop and crown density of the projective body of interest.

Key words: raw material resource of baccate and medicinal plants, types of the forest, plenitude, serriedness of overhead tier.

ӘОЖ: 634.511+631.541

Барлықбеков Ж.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫСЫНДА ГРЕК ЖАҢҒАҒЫН КӨБЕЙТУДІҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа

Мақалада Алматы облысы, Талғар ауданы жағдайында грек жаңғағын көбейтудің жаңа технологиясын құрастыру бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелері келтірілген. Зерттеу нәтижесінде грек жаңғағын көбейтудің тиімді жолдары анықталды.

Кілт сөздер: грек жаңғағы, аналық, отырғызу материалы, көбейту, телу.

Кіріспе

Қазақстанның оңтүстік-шығысы, оның ішінде Алматы облысы бақ шаруашылығы үшін жеткілікті түрде: онтайлы топырақ құрамы, белсенді температуралар жиынтығы, жылдық жауын-шашын мөлшері, мерзімді қар жабыны сияқты қолайлы агроклиматтық ресурстарға ие.

Елімізде аса пайдалы дақылдың бірі – грек жаңғағын өнеркәсіптік түрде өсіру жолға қойылмаған. FAO-ның мәліметтері бойынша грек жаңғағының 2012 жылғы 995040 га жерге өсіріліп, 3418559 тонна өнімі жиналған. Ал сол ұйымның мәліметі бойынша 2012 жылы Қазақстанда грек жаңғағы 600 га жерге өсіріліп, олардан 2300 тонна өнім жиналған.

Осы бір құнды дақылдың еліміздегі кеңінен таралмауының негізгі себептеріне – оны көбейту әдістерінің жете зерттелмеуі мен көшеттіктерінің жолға қойылмауы да себеп. Осы орайда, біздердің зерттеулеріміз өзектілікке ие.

Грек жаңғағы (*Juglans regia* L.) ТМД елдерінде жабайы жаңғақтың 3 түрі кездеседі. Олар негізінен Орта Азия республикаларында, Солтүстік Кавказда, Қырымда, Украинада және Еуропа аймақтарында өседі [1].